7. Ата-аналар (заңды өкілдер) құқылы:
- балалардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға;
- ҚР заңнамалары мен мектеп Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысуға;
- мектеп Жарғысымен және басқа құқық белгілеуші, оқу барысының уақыт тәртібін ұйымдастырудың нормативтік құжаттармен, оның ішінде Ережелермен танысуға;
- оқу барысының ағымымен және мазмұнымен, оқушылардың көрсеткіштерімен танысуға;
- (әкімшілік пен мұғалімдердің келісімімен) сабақтарға және басқа да оқу мен оқудан тыс жұмыстарға қатысуға;
-заңнама аясында сыныптың, мектептің дамыуна өз еркімен қайрымдылық ретінде материалдық көмек көрсетуге;
-мектеп Жарғысы мен Ереже шарттарын орындауды талап етуге;

VII. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ.

8.1. Мектепте бес күндік жұмыс уақыты мен бір демалыс күні белгіленеді.
Басшылыққа, әкімшілік- шаруашылыққа, қызмет көрсетуші және қосалқы оқытушы қызметкерлерге жұмыс күнінің (ауысымның) ұзақтылығы 40 сағаттық жұмыс аптасынан тұратын, жұмыс кестесімен белгіленеді.
Жұмыс кестесі кәсіподак органының келісімі бойынша және жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, демалыс пен тамақтану үзілісі қарастырылып, директормен бекітіледі.

8.2. Жаңа оқу жылына педагог қызметкерлердің оқу жүктемесін қызметкер еңбек демалысына кетпей тұрып, кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша мектеп директоры белгілейді.

8.3. Мектеп ғимаратына бөгде адамдарға кіруге қатаң тиым салынады.

Сонымен қатар:

а) педагог қызметкерлерде сыныптар мен оқу жүкткмесінің көлемінің сабақтастығын сақтап қалуға міндетті;

б) толық емес оқу жүктемесі қызметкерлердің келісімі бойынша жүзеге асады және ол жазбаша түрде көрсетілуі тиіс;

в) мұғалімнің алған жүктемесінің көлемі оқу жылының аяғына дейін тұрақты түрде сақталады. Оқу жүктемесі оқу жылының барысында тек, сағат саны немесе оқу бағдарламасында, оқу жоспарында сағат саны өзгерген жағдайда ғана өзгереді;